5. Қылмыстық қудалау органының атауы
6. _____ қатысты
7. Өтінішхатты (ұсынысты) кім берді
8. Келіп түсу тәртібі
9. Өтінішхаттың (ұсыныстың) мәні
10. Қамауға алудың негізі
11. Ұстау күні
12. Айыптаудың (үкімнің) барлық баптары
13. Айыптаудың негізгі бабы
14. Ауырлық
15. Сот ісін жүргізу тілі
16. Құқық бұзушылықтың түрі
- 16.1. Тәркілеуге жататын мүліктің тиесілігі

2-тарау. Қатысушылар

1. Тегі
2. Аты
3. Әкесінің аты (болған жағдайда)
4. Сотталған (айыпталушы, күдікті)
5. Жынысы

3-тарау. Қарау

1. Қарау күні, уақыты
2. Қарау нәтижесі
3. Қайтарып алудың, кері шақыртудың күні, уақыты
4. Орындауға жіберу күні

5.Токтату күні

6.Соттылығы бойынша беру күні

4-тарау. Санкциялау бойынша өтінішхаттарды қарау нәтижесі

1. Сот санкция берген бұлтартпау шарасы
2. ... дейінгі мерзімге
3. Қамауда ұстау (үйде қамап ұстау) ... дейін ұзартылды
4. Ұзарту кезеңі
5. Заңды күшіне енген күні

5-тарау. Шығарылған жеке қаулылар туралы мәліметтер

1. Жеке қаулыларды шығару күні
2. Шығарылған жеке қаулылардың мәні
3. Жеке қаулылар кімге арналған
4. Қаулылар прокурордың атына шығарылды
5. Жеке қаулыларға жауаптардың келіп түсу күндері

6-тарау. Апелляциялық сатыда қарау

1. Қарау күні
2. Соттың атауы
3. Жеке шағым қанағаттандырылды
4. Прокурордың өтінішхаты қанағаттандырылды
5. Түсініктемелер

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 25 сәуірдегі
№ 84 бұйрығына
11-қосымша
Нысан

Апелляциялық сатыдағы сот қараған қылмыстық іске электрондық ақпараттық есепке алу құжаты

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.01.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Деректер

1. Сот
2. Істің № (апелляциялық сатының)
3. Сотталғандардың саны (айыпталушылардың, күдіктілердің)
4. Келіп түсу тәртібі:
5. Қайталап келіп түсті
6. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша
7. Шағымды бұрын қарады
8. Шағымды кім берді (прокурордың апелляциялық өтінішхаты)
9. Келіп түскен кездегі томдардың саны
10. Бірінші сатыдағы соттың шағымдалған сот актісі
11. Құқық бұзушылықтың қосымша саралануы
12. Істің ауырлығы
13. Құқық бұзушылық түрі
14. Құпия іс
15. Сот ісін жүргізу тілі

16. Жабық сот процесі
17. Іс бап бойынша келіп түсті (жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі- ҚР ҚК)
18. Іс бап бойынша келіп түсті (бұрынғы ҚР ҚК)
19. Түсініктеме

2-тарау. Істің апелляциялық сатыдағы қозғалысы туралы мәліметтер (танысу, тоқтата тұру)

1. Алқаға келіп түсу күні
2. Істі қараған судьяның Т.А.Ә. (болған жағдайда)
3. Қараусыз қайтару күні, уақыты
4. Қайтару себебі
5. Соттылығы бойынша беру күні
6. Прокурордың барлық өтінішхаттары және шағымдары кері шақыртылды
7. Кері шақырту күні
8. Барлық жеке шағымдар және прокурордың өтінішхаттары кері шақыртылды
9. Жеке шағымның, прокурордың өтінішхатын кері шақыртылған күні
10. Қайта қараудан бас тарту күні
11. Тоқтата тұру күні
12. Тоқтата тұруға негіздер
13. Қайта жаңарту күні
14. Түсініктеме

3-тарау. Істің апелляциялық сатыдағы қозғалысы туралы мәліметтер (сот отырысы)

1. Отырыс күні
2. Төрағалық етуші судьяның ТАӘ (болған жағдайда)
3. Баяндамашы судьяның ТАӘ (болған жағдайда)
4. Сот отырысы хатшысының ТАӘ (болған жағдайда)
5. Жабық сот отырысы
6. Аудио-, бейнежазба
7. Бейнеконференцбайланыспен сот отырысы
8. Отырыс кейінге қалдырылды
9. Хаттама құрыла отырып қаралды
10. Түсініктеме

4-тарау. Қарсылық білдіру

1. Қарсылық білдіру туралы өтініштің күні
2. Төрағалық етуші судья
3. Қанағаттандырылды
4. Қаулы шығарылған күні
5. Қарсылық білдіру туралы өтінішхатты қараған судья
6. Қарсылық білдіруді алған судьялардың Т.А.Ә. (болған жағдайда)

5-тарау. Қарау

1. Шешімнің түрі
2. Сот отырысында шешім шығару күні
3. Хаттама құру күні
4. Шешім мерзімі бұзылып шығарылды
5. Қарауды тоқтату туралы қаулы шығарылды
6. Шағым бойынша нәтиже
7. Прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша нәтиже
8. Адам құқықтары жөніндегі әмбебап конвенцияларды қолдана отырып қаралды
9. Прокурордың өтінішхаты бойынша нәтиже
10. Үкімді (қаулы) құрастыру күні
11. Үкімнің көшірмесін тапсыру күні
12. Үкімнің заңды күшіне енген күні

13. Істі кеңсеге беру күні
14. Істі бірінші сатыдағы сотқа жолдау күні
15. Үкімнің (қаулының) күші кассациялық қаулыда жойылды
16. Медитордың қатысуымен тараптардың татуласуы
17. Шешім мерзімі бұзып шығарылды

6-тарау. Жеке қаулылар

1. Жеке қаулыны шығару күндері
2. Жеке қаулының мәні
3. Жеке қаулыны жолдау күні
4. Жеке қаулылар кімге арналған
5. Жауаптардың мәні

7-тарау. Заттай дәлелдемелер

1. Атауы
2. Келіп түсу күні
3. Саны
4. Жауапты тұлға
5. Сақтау орны
6. Заттай дәлелдемелер бойынша шешім
7. Заттай дәлелдемелер бойынша шешімнің орындалуы туралы мәліметтер
8. Еске салуларды жолдау күні

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 25 сәуірдегі
№84 бұйрығына
12-қосымша
Нысан

Кассациялық сатыдағы сот қараған қылмыстық іске электрондық ақпараттық есепке алу құжаты

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.01.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Наразылықтың, өтінішхаттың, ұсыныстың (істің) келіп түсуі туралы

1. Алдын ала қарау
2. Алқадағы іс жүргізу №
3. Қайта қарау бойынша іс жүргізу №
4. Түрі
5. Бастапқы келіп түсу
6. Қайталап
7. Өтінішхатты (наразылықты) кім берді
8. Шағым келтірілген сот актісі
9. Сот ісін жүргізу тілі
10. Істің ауырлығы
11. Алдыңғы іс жүргізу ісінің нөмірі
12. Құқық бұзушылық түрі
13. Жабық сот процесі

2-тарау. Іс жүргізу динамикасы туралы мәліметтер (алдын ала қарау)

1. Алқаға беру күні

2. Судьяға беру күні
3. Қараушы судьяның Т.А.Ә. (болған жағдайда)
4. Түсіндірумен қайтару күні:
5. Қайтару себебі
6. Қараусыз қалдыру күні
7. Наразылықты немесе өтінішхатты кері шақырту күні
8. Наразылықты, өтінішхатты кім шақыртты
9. Соттылығы бойынша беру күні
10. Соттылығы бойынша қайда берілді
11. Алдын ала қарау бойынша шешімнің күні
12. ҚР ҚПК 490-бабы 3-бөлігі ғылыми қарытындыны сұраумен
13. Істі сұрату күні
14. Істің алқаға келіп түсу күні
15. Алдан-ала қарау бойынша шешім
16. Мерзімдері бұзылып қаралды
17. Біріктіру күні

3-тарау. Сот отырысына дейінгі іс жүргізу

1. Алқаға келіп түскен күні
2. Қайта қарау сатысында наразылықтың, өтінішхаттың, ұсыныстың келіп түскен күні
3. Наразылықты кері қайтару күні
4. Наразылықты немесе шағымды кері шақырту күні
5. Наразылықты кім шақыртты
6. Өткен жылдың кассациялық іс жүргізуін қозғау туралы қаулының қалдығы
7. Біріктіру күні

4-тарау. Сот отырысы

1. Отырыс күні
2. Төрағалық етуші судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
3. Баяндаушы-судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
4. Судьяның Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
5. Прокурордың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
6. Адвокаттың Т.А.Ә. (бар болған жағдайда)
7. Жабық сот отырысы
8. Отырыс кейінге қалдырылды
9. Түсініктемелер

5-тарау. Қайта қарау нәтижесі

1. Шешім шығару күні
2. Өтінішхат бойынша нәтиже
3. Наразылық бойынша нәтиже
4. Ұсыныс бойынша нәтиже
5. Қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарылды
6. Шешім мерзімі бұзылып шығарылды
7. Аяқталу күні

6-тарау. Жеке қаулылар

1. Жеке қаулыларды шығару күні
2. Қаулылардың мәні
3. Жеке қаулы кімге арналған
4. Жеке қаулыны жіберу күні
5. Жауаптар

7-тарау. Іс жүргізуді аяқтау

1. Алдын ала қарау қаулысын судьяның беру күні
2. Қайта қарау жөніндегі қаулыларды судьяның беру күні

8-тарау. Бірінші саты

1. Қылмыстық қудалау органы қылмыстық ісінің №
2. бірінші сатыдағы соттың қылмыстық ісі №
3. Шешім шығару күні
4. бірінші сатыдағы соттың атауы
5. Бірінші сатыдағы судьяның Т.А.Ә. (болған жағдайда)
6. Алқабилердің қатысуымен қаралды
7. Тергеу (іс жүргізу) түрі
8. Тергеуде болуы
9. Үкімнің (қаулының) мәні

9-тарау. Апелляциялық саты

1. Шешім түрі
2. Шешім күні
3. Судья
4. Сот

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 25 сәуірдегі
№ 84 бұйрығына
13-қосымша
Нысан

АДАМҒА ЭЛЕКТРОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ ҚҰЖАТЫ

Ескерту. 13-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 04.01.2018 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ 1-тарау "Жеке тұлға"

1. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____
2. Тегі _____
3. Аты _____
4. Әкесінің аты (болған жағдайда) _____
5. Жынысы:
6. Туған күні:
7. Жасы:
8. Туған жері:
9. Қандас:
10. Кәмелетке толмаған:
- 10.1 Кәмелетке толмағандар тәрбиеленеді

10.2 Кәмелетке толмаған бұрын

11. Азаматтығы жоқ адам:

12. Азаматтық:

13. Шетел азаматының азаматтығы

14. Ұлты:

15. Отбасылық жағдайы:

16. Жұмыс (оқу) орны: _____

17. Лауазымы:

18. Органдардың қызметкері:

19. Білімі:

20. Қызмет түрі:

21. Жеке басын куәландыратын құжат:

22. Кім берді:

23. Нөмірі: _____

24. Сериясы: _____

25. Беру күні:

26. ... дейін жарамды:

27. Наименование юр.лица

28. Сотовый телефон

29. Электронный адрес (E-mail)

30. Әскери қызметкер:

30.1. Әскери атағы:

30.2. Әскер түрлері:

30.3. Қызмет түрлері:

30.4. Әскери бөлімнің нөмірі: _____

30.5. Әскери қызметшінің лауазымы:

30.6. Қылмыс жасау уақыты:

Мекенжайы:

Іс жүзіндегі мекенжайы:

Түсініктемелер

№2-тарау "Құқық бұзушылық туралы"

1. Бұрынғы соттылығы:

2. ... алынбаған және өтелмеген соттылық:

3. Алынбаған және өтелмеген соттылығы бар сотталушы:

4. Ауырумен ауырады

5. Құқық бұзушылық жасалған күн,соның ішінде жеке айыптау бойынша: " ____
" _____ ЖЫЛҒЫ

6. Құқық бұзушылық жасалды (адамдар саны):

7. Құқық бұзушылық жасалды (жағдайда):

8. Құқық бұзушылық қабілетсіз халде жасалды:

9. Құқық бұзушылық абайсыздан жасалды: жоқ (1), иә (2);

10. Құқық бұзушылық қызметшілерімен жасалды:

11. Құқық бұзушылық көлікте жасалды:

12. Қатысу түрі:

13. Құқық бұзушылықты жасау сатысы:

14. Құқық бұзушылықты жасау нәтижесінде қаза болғандар саны: _____

15. Жәбірленушілердің саны

16. Құқық бұзушылық келесіге қатысты жасалды:

17. Азаптауларды қолдану туралы өтініш берілді:

18. Азаптауларды қолдау туралы өтініш расталды:

19. Айыпталушыларға азаптаулар келесілерге қолданылды:

20. Азаптау кезінде айыпталушының жәбірленушілер денсаулығына тигізген зияны:

21. Сот белгілеген бұлтартпау шарасы:

22. Құқық бұзушылықтың түрі

23. Сот шешімі бойынша келесі күннен бастап күзетпен ұсталды: " _____ " _____

_____ ЖЫЛҒЫ
24. Күзеттен босату күні: " _____ " _____

_____ ЖЫЛҒЫ

25. Фабула (адамның қылмыстық әрекетінің қысқаша сипаттамасы)

3-тарау "Бірінші саты" "Қарау нәтижесі"

1.Сот үкімі (қаулысы):

2.Стат есеп үшін есепке алу бабы:

3.Ол сотқа берілген барлық баптар:

4.Ол сотталған барлық баптар:

5.Ол ақталған барлық баптар:

6.Тоқтатылған барлық баптар:

7.Есірткі құқық бұзушылықтарды есепке алу бабы:

8.Есірткі құқық бұзушылықтар бойынша қосымша:

9.Сыбайлас жемқорлық қылмыстар бойынша есепке алу бабы:

10.Экстремизм және терроризм бойынша есепке алу бабы:

11. Қылмыстардың қайталануы:

12. Статистикалық есеп үшін есепке алу бабына қосымша саралау:

13. Соттың үкіміне (қаулысына) адам апелляциялық сатыда шағым келтірді:

14. Ескерту: _____

"Жазалау шарасы"

1. Негізгі жазалау шарасы:

2. Қосымша жазалау шарасы:

3. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ жылғы

4. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ ай

5. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ күн

6. Жазаны қолданудың ерекшеліктері:

7. Рақымшылық туралы актіні қолдану күні: " ____ " _____

__ жылғы

8. Заңды күшіне енген кездегі бұлтартпау шарасы:

9. Түзету мекемесінің түрі:

10. Мәжбүрлі емдеу тағайындалды:

11. ҚР ҚПК 4-бөл. сәйкес өтелген залал түрі:

12. Өтелген залал сомасы: _____

13. Азаматтық құқықтарды бұзумен келтірілген өтелген залал сомасы: _____

Түсініктемелер _____

"Орындау"

1. Негізгі жаза бөлігінде үкімді орындауға жіберу күні: " ____ " _____

__ жылғы

2. Негізгі жаза бөлігінде үкімді орындауға келтіру күні: " ____ " _____

__ жылғы

3. Сотталғанның жазаны өтеу орны:

4. Қосымша жаза түрі:

5. Қосымша жаза бөлігінде үкімді орындауға жіберу күні: " ____ " _____

__ жылғы

6. Орындау туралы жауаптың келіп түсу күні: " ____ " _____

__ жылғы

7. Еске салуларды жолдау күні " ____ " _____ жылғы

8. Жазаны өтеу мерзімі

9.Кезекті төлемнің күні

10.Кезекті төлемнің сомасы

11.Төленбеген соманың қалдығы

12.Атқарушылық құжатты көшіріп жазу күні " ____ " _____

_ жылғы

13.Атқарушылық парақтың түрі

14.Өндірілген сома

15.Атқарушылық парақты жолдау күні" _____ " _____

жылғы

16.Атқарушылық парақты кері қайтару күні" _____ " _____

жылғы

17.Орындау нәтижесі

18.Мәжбүрлеп өндіріп алынған сома

19.ҚР ҚПК 476-бабы бойынша айыппұлды ауыстыру

20.Айыппұлды ауыстыру туралы сот актісінің күні

4-тарау "Апелляциялық саты" "Қарау нәтижесі"

1.Адамға қатысты үкімге (қаулыға) берілді:

2.Сот актілеріне қатысты:

3.Үкім бойынша апелляциялық саты сотының шешімі:

4.Үкімнің (қаулының) күшін жоюға немесе өзгертуге негіз:

5.1 саты сотының қаулылары бойынша шешімдер:

6.1 саты сотының үкімдерінің немесе қаулыларының күштері жойылған (өзгертілген) күн:

7.Қамауға алуды санкциялау бойынша шағым (наразылық) –Жалоба (аходатайство прокурора) по санкционированию ареста

8.Шағым және наразылық (прокурордың қорытындысы) бойынша шешім:

9.Есепке алу бабы (апелляция):

10.Барлық баптар (апелляция):

11.Жеке қаулы бойынша шешім:

12.Жеке шағым бойынша шешім:

жеке наразылық бойынша по частному ходатайству прокурора:

13. Апелляциялық сатыдағы қаулыны қарау нәтижесі

14. Медиатордың қатысуымен тараптардың татуласуы

15. Сотталушы:

16. Қылмыстардың қайталануы:

17. Қылмыс құрамы жоқ болғандықтан істері тоқтатылған күзетпен ұсталған адамдарға қатысты:

18. Сотталған сот залына жеткізілді:

19. Басқа қаулылар шығарылды:

20. Ескертулер:

"Жазалау шарасы"

1. Негізгі жазалау шарасы:
2. Қосымша жазалау шарасы:
3. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ жыл
4. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ ай
5. Бас бостандығынан айыру, шектеу, түзету жұмыстары _____ күн
6. Жазаны қолданудың ерекшеліктері:
7. Рақымшылық туралы актіні қолдану күні: " ____ " _____ ЖЫЛҒЫ
8. Заңды күшіне енген кездегі бұлтартпау шарасы:
9. Түзету мекемесінің түрі:
10. Айыппұл сомасы

5-тарау "Кассациялық саты" "Қарау нәтижелері"

1. Тұлғаға қатысты үкімге (қаулыға)
2. Сот актілеріне қатысты
3. Бірінші сатыдағы үкімі бойынша шешім
4. Бірінші сатыдағы қаулы бойынша шешім
5. Бірінші сатыдағы жеке қаулы бойынша шешім
6. Апелляциялық сатыдағы үкім бойынша шешім
7. Апелляциялық сатыдағы қаулы бойынша шешім
8. Апелляциялық сатыдағы жеке қаулы бойынша шешім
9. Кассациялық сатыдағы қаулы бойынша шешім
10. Ағымдағы есептік мерзімде шағымдалған қаулылар шығарылды
11. Бірінші сатыдағы үкім күшін жойды:
12. Бірінші сатыдағы үкім өзгертілді
13. Үкім тоқтатылуымен күшін жойды:
14. Бірінші сатыдағы үкімді (қаулыны) өзгерту немесе күшін жою негізі:
15. Апелляциялық сатыдағы үкім/қаулы күшін жойды:
16. Апелляциялық сатыдағы үкім/қаулы өзгертілді:
17. Апелляциялық сатыдағы үкім/қаулы тоқтатуымен өзгертілді:
18. Шағым, наразылық және ұсыну бойынша шешім

19.Басқа қаулылар шығарылды:

"Жазалау шарасы"

1. Жазалау шарасы өзгертілді
2. Қосымша жазалау шарасы күшін жойды
3. Бас бостандығынан айыру мерзімі анықталды (жыл)
4. Бас бостандығынан айыру мерзімі анықталды (ай)
5. Бас бостандығынан айыру мерзімі анықталды (күн)
6. Түсініктімелер

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2016 жылғы 25 сәуірдегі
№ 84 бұйрығына
14-қосымша

Қазақстан Республикасы сот органдарының ақпараттық жүйесіне электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарын енгізу және қылмыстық-құқықтық саладағы сот есептерін қалыптастыру туралы нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 16.09.2022 № 185 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Нұсқаулық жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 21.12.2021 № 166 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-құқықтық салада сот есептерін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасының сот органдары ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ҚР СО АЖ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – ЭАЕК) негізінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ААЖ) "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 1, "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 6, "Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 6а, "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі кассациялық сатының жұмысы туралы есеп" № 6к, "Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға

сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қарау жөніндегі кассациялық сатының жұмысы туралы есеп" № 6Ка, "Соттардың жекеше айыптау істері бойынша шағымдарды қарауы туралы есеп" № 2-Ж нысандардың есептерін (бұдан әрі – есептер) қалыптастырудың негізгі ережелерін анықтайды.

2. Комитет ЭАЕК-ның нысандарын әзірлеуді Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментімен (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратымен) (бұдан әрі – Департамент) келісе отырып жүзеге асырады.

3. ЭАЕК-ны ҚР СО АЖ-ға енгізу Департаменттің және оның облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы аумақтық бөлімшелерінің (соттардың әкімшілерімен) жұмыскерлерімен (оның ішінде филиалдарымен-аудандық және оған теңестірілген сот кеңселерімен) жүзеге асырылады.

ЭАЕК деректемелерін толықтыру дәлдігі есептік деректердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Комитеттің аумақтық органдары тұрақты негізде Комитеттің деректер қорының ААЖ мониторингін жүргізеді. ЭАЕК деректемелерін толтыру кезінде бұзушылық, бұрмалау деректері анықталған жағдайда оларды жою бойынша шұғыл шаралар қабылданады.

4. Бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы соттардың қызметі туралы есептерді ҚР СО АЖ-ның деректері негізінде Комитет қалыптастырады.

5. Есептер ағымдағы есептік кезеңнің 1 қаңтарынан бастап үдемелі қорытындымен тоқсан сайын құрастырылады.

Ескертпе: егер мерзім күні жұмыс күніне келмеген жағдайда, есепті ұсыну күні одан кейінгі келесі жұмыс күні болып есептеледі.

2-тарау. ЭАЕК-ның түрлері және нысандары

6. Қылмыстық істерді қарау жөніндегі соттардың жұмысы туралы есептерді қалыптастыру ЭАЕК-ның мынадай түрлерінің негізінде жүзеге асырылады:

1) "Бірінші сатыдағы сот қараған қылмыстық іске ЭАЕК" (бұдан әрі – ЭАЕК 1);

2) "Қылмыстық іс бойынша сот актілерін орындау жөніндегі ЭАЕК" (бұдан әрі – ЭАЕК 5).

Жасы туралы, сонымен қатар "кәмелетке толмаған" деректемесіндегі мәліметтер ұсыныстар (өтінішхаттар) сотқа келіп түскен сәтінде көрсетіледі, бұл ретте, жасы бойынша есептеледі;

3) "Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының шешімдеріне шағым жасау жөніндегі ЭАЕК (Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 106-бабы)" (бұдан әрі – ЭАЕК 5.1);

4) "Тергеу судьясының өкілеттіктері (санкция) жөніндегі ЭАЕК" (бұдан әрі – ЭАЕК 5.2);

5) "Апелляциялық сатыдағы сот қараған қылмыстық іске электрондық ақпараттық есепке алу құжаты ЭАЕК" (бұдан әрі – ЭАЕК 2);

6) "Кассациялық сатыдағы сот қараған қылмыстық іске ЭАЕК" (бұдан әрі – ЭАЕК 3);

7) "Адамға ЭАЕК".

3-тарау. ҚР СО АЖ-ға ЭАЕК енгізу

7. ЭАЕК-да істер және адамдар бойынша барлық деректемелер электронды толтырылуға тиіс.

8. Сот нақ сол адамға қатысты екі немесе одан артық қылмыстық істерді бір іс жүргізуге біріктірген жағдайда, адамға ЭАЕК сондай-ақ бір ЭАЕК-ға біріктіріледі (одан ауыр құқық бұзушылық бойынша немесе негізгі қылмыстық істің нөмірі бойынша).

9. Қылмыстық істердің нөмірлерін беру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) бекітілген Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, қылмыстық қудалау органы берген қылмыстық іс нөмірі сақталады

4-тарау. ҚР СО АЖ-да ЭАЕК-ға түзетулер жүргізу

10. ҚР СО АЖ-ға енгізілген ЭАЕК-ның деректемелерін түзетуді Департамент немесе соттар кеңселері өз бастамасы бойынша не Комитет және оның аумақтық органдарының бастамасы бойынша жүргізеді.

11. Жүргізілген түзету туралы мәліметтер (іс нөмірін, өзгертілетін деректеме атауын, бұрынғы және жаңа көрсеткішті көрсете отырып), олардың негізінде Комитеттің ААЖ-да түзету жүзеге асырылады, Комитетке немесе оның аумақтық органына дереу ұсынылады.

12. ҚР СО АЖ деректер қорынан ұсынылатын мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығын Департаменттің аумақтық бөлімшелері (соттардың әкімшілері) мен ЭАЕК енгізуге жауапты адамдары (оның ішінде филиалдарының-аудандық және оған теңестірілген сот кеңселерінің) қамтамасыз етеді.

Құқықтық статистика деректерін ұсынудан бас тартқан, ұсынбаған, құқықтық статистика деректерін белгіленген мерзімді бұза отырып ұсынған, жасырған,

қосып жазған, басқа да қасақана бұрмалаушылықтар, сол сияқты құқықтық статистикалық ақпаратты алуға қандай да бір нысанда кедергі келтірген жағдайда, кінәлі адамдардың жауаптылығы туралы мәселе "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 498-бабына сәйкес қаралады".

5-тарау. Есептерді қалыптастыру

13. Есептер көрсеткіштерді есептеу алгоритміне сәйкес ЭАЕҚ-ның деректері негізінде қалыптасады.

14. Республика бойынша жиынтық есептер қол қою үшін Комитет төрағасына есептік кезеңнен кейінгі айдың 8-күнінде ұсынылады.

Жиынтық есептер қол қойғаннан кейін, есептік кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, Департаментке жіберіледі.

15. Облыстар бойынша жиынтық есептерге Комитеттің аумақтық органдарының басшылары қол қояды (статистикалық кесіндіні Комитет бекіткеннен кейін), олар есептердің орындарда сақталуын қамтамасыз етеді (Комитетке жіберуінсіз). Түпнұсқалар мен Комитеттің ААЖ деректері арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда, ҚР СО АЖ-ның деректері негізінде қалыптастырылған Комитеттің ААЖ-ның деректері негізге алынады.

16. Есепті түзеткен жағдайда, түзетуді жүзеге асырған күннен бастап екі күндік мерзімде Комитет Департаментке түзетілген есепті қосып, хабарлама жібереді. Есептерді түзету статистикалық кесіндіні бекіткеннен кейін Комитет жүргізеді.

17. Есептерді құрастыру барысында бір іс жүргізуге біріктірілген істер бір шешім шығарылатын бір іс ретінде ескерілетіндігін ескерген жөн.

Есептік кезеңнің басындағы қаралмаған істердің қалдығы есептік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша келтіріледі. Бұл көрсеткіш өзгеріссіз болып табылады.

Есептік кезеңнің соңына қаралмаған істердің қалдығы тоқсан, жартыжылдық, тоғыз ай, жыл соңындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

6-тарау. "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 1 нысанды есебі

18. Осы есеп қылмыстық істерді қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттардың жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді.

19. 12-бағанда көрсетілген тоқтатылған істердің саны 1-бөлімнің 14-17-бағандар деректерінің сомасына тең.

1-бөлімнің 19-бағанында көрсетілген, прокурорға қайтарылған істердің саны 20-25-бағандардың сомасына тең.

Осы көрсеткіштерді толтыру кезінде: Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) бұзушылықтарын жою үшін неше рет қайтарылғанына қарамастан, іс жаңа келіп түскен ретінде есепке алынатынын ескеру керек;

өтінішхат немесе шағым жасау енгізілуіне қарамастан, ҚР ҚПК-нің бұзушылықтарын жою үшін қайтару туралы қаулы шығарған сәттен бастап көрсететінін ескеру керек.

1-бөлімнің 18-бағанында ҚР ҚПК-нің 316 және 317-баптарына сәйкес судья берген істер көрсетіледі.

1-бөлімнің 26-бағанының көрсеткіші де 3-бөлімнің 14-18-бағандарында адамдар мен түрлер бойынша бөле отырып, 3-бөлімнің 3, 4 және 13-бағандарында көрсетілген ("Есептік кезеңде келіп түскен істер" деген 2-бағанда осы көрсеткіш есепке алынбайды).

1-бөлімнің 31-бағанын есепке алу кезінде: ҚР ҚПК-нің 319-бабының 4-бөлігіне сәйкес келіп түскен іс бойынша шешім іс сотқа келіп түскен сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей қабылдануы тиіс екенін ескеру керек;

ҚР ҚПК-нің 322-бабының 4-бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы тараптарға сот отырысының болатын орны мен басталатын уақыты туралы хабарланған кезден бастап кемінде үш тәулік өткеннен кейін және ол қысқартылған тәртіппен қаралатын кезде – оны тағайындау туралы қаулы шығарылған кезден бастап он тәуліктен кешіктірілмей және жалпы тәртіппен қаралатын кезде – он бес тәуліктен кешіктірілмей тағайындалуы тиіс. Айрықша жағдайларда бұл мерзім судьяның қаулысымен, бірақ отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін;

ҚР ҚПК-нің 322-бабының 5-бөлігіне сәйкес басты сот талқылауы қисынды мерзімде аяқталуға тиіс. Қысқартылған іс жүргізу кезінде басты сот талқылауы осы Кодекстің 382-бабының 2-бөлігінде белгіленген мерзімдерде аяқтауға тиіс;

жекеше айыптау ісін сот отырысында қарау шағымның сотқа келіп түскен кезінен бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға, бірақ сотталушы өзінің құқықтары түсіндірілген шағымның көшірмесін алған кезден бастап үш тәуліктен ерте басталмауға тиіс (ҚР ҚПК-нің 411-бабының 2-бөлігі).

Басты сот талқылауының мерзімі қаулы шығарылғаннан кейін келесі күннен бастап есептеледі.

Үкімдердің, қаулылардың күші жойылғаннан кейін жаңадан қарауға келіп түскен, соттың қаулылары бойынша ҚР ҚПК-нің бұзушылықтарын жойғаннан кейін қылмыстық қудалау органдарынан келіп түскен немесе іздестірілетін сотталушыны анықтаумен байланысты іс жүргізуі қайта басталған, сондай-ақ ҚР

ҚПК-нің 44-бабында көзделген негіздер бойынша сот жеке іс жүргізуге шығарған қылмыстық істер жаңадан келіп түскен істер ретінде ЭАЕҚ-да тіркеледі және оларға жаңа реттік нөмір беріледі.

41-бағанды есепке алу барысында, сотталушыны қылмыстық жауаптылыққа тартқызып, сотқа берген айыптау бойынша оның қылмыстық құқық бұзушылықты жасауда кінәсіз екенін таныған кезде ол ақталған болып есептелетінін (ҚР ҚПК-нің 394-бабы) ескеру қажет:

егер қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болмаса;

сотталушының іс-әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса;

сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қатысқаны дәлелденбесе.

1-бөлімнің 60-бағанының мәліметтері, ол қылмыстық процеске жәбірленушінің өкілі ретінде ғана емес, нақты адвокат ретінде қатысқан жағдайда ғана көрсетіледі.

Процестік шығындарды өндіріп алу сомалары және азаматтық талап қоюдың сомалары теңгемен есептеледі.

20. 1-бөлімнің 27-бағаны 7, 12, 18, 19-бағандар қосындысына тең, 32-баған 1 және 2-бағандардың қосындысынан 27, 71-бағандардың сомасы алынып есептеледі.

Залалдың сомалары, процестік шығындардың және азаматтық талап қоюдың сомалары теңгемен есептеледі. 1-бөлімнің 62-70-бағандарында ЭАЕҚ 1-де толтырылған "Залал" 2-бөлімі деректемелерінің негізінде мәліметтер қалыптастырылады:

Сот өтеуге белгілеген залал туралы мәліметтер қылмыстың материалдық сипаты бар қылмыстық істер бойынша 7.1. "мемлекетке", 7.2. "жеке тұлғаға", 7.3. "занды тұлғаға" деректемелерінде толтырылады.

Осы ұстаным сот жеке, заңды тұлғаға және мемлекетке келтірілген залалдың сомасын анықтайтын сот үкімінің негізінде толтырылады. Сондай-ақ сот үкімі негізінде "Процестік шығындардың сомасы" 8-деректемеде өндіріп алуға жататын процестік шығындардың сомасы туралы ақпарат толтырылады;

қылмыстық процесс шеңберінде қаралған азаматтық талаптың сомалары туралы мәліметтер, мемлекеттік баж сомасын есепке алмай, "Қанағаттандырылған талап қою мөлшері" 6, "Мемлекет кірісіне қанағаттандырылған талап қою мөлшері" 6.1-деректемелерінде көрсетіледі.

1-бөлімнің "Жәбірленушілерге өтемақы қорына өндірілген сома" 92-бағанында, егер сот ҚР ҚПК-нің 173-бабына сәйкес сотталушыдан мәжбүрлі төлемді өндіріп алған жағдайда олар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

94-бағанда 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 131-VI "Жәбірленушілерге өтемақы қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-бөлігіне сәйкес соттар қараған регрестік талаптар бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Жәбірленушілерге өтемақы қорына мәжбүрлі төлемдердің, сонымен қатар регрестік талаптар бойынша қайтарылған сомалар теңгеде есептеледі.

21. Қылмыстық істер айыптау қорытындыларында берілген Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптары бойынша, ал егер алдын ала тергеп-тексеру жүргізілмеген жағдайда, істі іс жүргізуге қабылдаған сот немесе судья құқық бұзушылықты саралаған бап бойынша жолма-жол бөлінеді.

Сот іс-әрекетті ҚР ҚК-нің басқа бабына қайта саралаған жағдайда, қылмыстық іс есептің 1-бөлімінің 2-бағанында келіп түскен айыптау бабы бойынша, ал 1-бөлімнің 173-бағанында қайта саралау туралы мәліметтер, осы қылмыстық іс бойынша қабылданған шешім үкімнің қарар бөлігінде көрсетілген тиісті бабы және бөлігі бойынша көрсетіледі.

Іс-әрекеттер қайта сараланған қылмыстық істерді есепке алу үшін іске ЭАЕК 1-дің 7-бөлімінің 7.3-деректемесінде "қайта саралау туралы" ақпаратты көрсету қажет.

1-бөлімнің 27-жолының көрсеткіші айыпталушылардың кем дегенде біреуі әйел, оның ішінде әйел жынысты кәмелетке толмаған адамдар қатысқан қылмыстық істер бойынша мәліметтерді көрсетеді.

Іс ескерілетін құқық бұзушылық түрін анықтау кезінде келесі қағидаларды басшылыққа алу қажет:

құқық бұзушылықтар жиынтығы барысында іс неғұрлым қатаң жазалауды көздейтін ҚР ҚК-нің бабы бойынша ескеріледі;

санкциялардың мәні тең болған жағдайда, іс сот неғұрлым қатаң жазалау тағайындаған ҚР ҚК-нің бабы бойынша ескеріледі. Әрбір бап бойынша мәні бірдей жаза тағайындалған жағдайда, іс осы өңірдегі құқық бұзушылықтың кеңірек таралу белгісі бойынша ескеріледі;

қылмыстық құқық бұзушылықтардың, ҚР ҚК-нің 58, 60-баптары тәртібіндегі үкімдердің жиынтығы бойынша жазалау тағайындау барысында іс қорытынды жазалау бойынша есепке алынуға тиіс.

22. ҚР ҚПК-нің 408-бабына сәйкес жекеше айыптаудың қылмыстық ісі адам (бірнеше адам) сотқа соттылық туралы қағидаларды сақтай отырып, адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы шағым беру арқылы қозғайды.

23. Істері есептік кезеңде қаралған адамдар сот үкімінде немесе қаулысында көрсетілген айыптауға сәйкес қылмыстық құқық бұзушылық құрамы бойынша бөлінеді.

Сот сотталушының (-лардың) іс-әрекеттерін қайта саралаған жағдайда, адамдар бойынша мәліметтер үкім шығарылған бап бойынша жолдарда көрсетіледі.

Әрбір адамға қатысты мәліметтер жеке көрсетіледі. Жасалған құқық бұзушылықтардың жиынтығы барысында адам неғұрлым қатаң жазалауды көздейтін ҚР ҚК-нің бабы бойынша ескеріледі.

"Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау туралы" 2-бөлімде іс жүргізуді қайта бастау және ҚР ҚПК-нің 53-тарауына сәйкес жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық іс бойынша өтінішхаттарды қарау нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі.

24. "Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау нәтижелері" 3-бөлімнің, "Рақымшылық жасау бойынша" 7-бөлімнің, "Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты қылмыстық істері бойынша қозғалысы" 8-бөлімнің жолдары 1-бөлімнің жолдарының мазмұнына сәйкес. Көрсетілген бөлімдердің бағандары сондай-ақ 1-бөлімнің нақты бағандарына сәйкес қалыптастырылады.

25. "Сот актілерін орындауға байланысты мәселелерді қарау" 4-бөлім ҚР ҚПК-нің 475, 476-баптарына сәйкес соттың құзырына жататын сот актілерін орындауға байланысты мәселелерді қарау жөніндегі соттардың жұмысын көрсетеді.

26. "Тергеу судьяларының прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарауы туралы" 5-бөлім.

3-жолда бір мезгілде прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) дауланатын шағымдарды қарау туралы деректер көрсетіледі.

Осы жолда тек сот бір мезгілде прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттерін (әрекетсіздігін) даулау заңсыз немесе негізді деп таныған шағымдар ғана ескеріледі.

Сот әрекеттерге (әрекетсіздікке) шағымдар бойынша әртүрлі шешімдер қабылдаған жағдайда (мысалы, анықтау органдарының заңсыз әрекеттері туралы дәлелдер расталған, ал прокурордың заңсыз әрекеттері расталмаған жағдайда), онда мұндай шағымдар түсіндірме жазбасы қоса беріліп, қабылданған шешімдер бойынша тиісті жолдарда (4 немесе 28) және бағандарда ескеріледі.

Аталған көрсеткішті есепке алу үшін ЭАЕҚ 5.1 "Қылмыстық қудалау органының атауы" 3-деректемесі 9-қосымшаға сәйкес міндетті түрде толтырылуға тиіс.

27. "Тергеу судьялары қарайтын мәселелер туралы" 6-бөлім тергеу судьялары ҚР ҚПК-нің 55-бабы тәртібінде қарайтын мәселелерді көрсетеді.

35-бағанда судьяның бұлтартпау шарасын санкциялаудан бас тарту туралы қаулы шығарғаннан кейін не тергеу судьясының өзге шешімінен кейін нақ сол қылмыстық іс бойынша нақ сол адамға қатысты қылмыстық қудалау органының сотқа бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхатпен (ұсынумен) қайталанған жолданымдары көрсетіледі.

28. Есепті құрастыру барысында деректердің тепе-теңдігі туралы келесі қағидаларды сақтау қажет:

1-жол 3-10, 15, 20, 25-53-жолдардың қосындысына тең;

1-3-бағандардың қосындысы 4-13, 14-17, 64-бағандардың қосындысына тең;

"Соттың заңсыз жолмен алынған мүлікті тәркілеу туралы өтінішхаттарды қарауы" 9-бөлімде ҚР ҚПК-нің 15-бөліміне сәйкес заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу бойынша іс-жүргізулер туралы мәліметтер көрсетіледі.

7-тарау. "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 6-нысанды есеп

29. Есептің осы нысаны қылмыстық істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы мәліметтерді көрсетеді.

30. "Апелляциялық саты бойынша істердің қозғалысы" 1-бөлімде есепке алу қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.

31. "Бірінші сатыдағы соттардың үкімдеріне прокурордың шағымдарын және апелляциялық өтінішхаттарын қарау нәтижелері (адамдар бойынша)" 3-бөлімде есепке алу адамдар бойынша жүргізіледі.

3-бөлімді қалыптастыру барысында құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам ҚР ҚК-нің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін бабы бойынша, қылмыстық заң, санкциялар тепе-тең болғанда – барынша кең тараған құқық бұзушылық бойынша есепке алынатынын ескерген жөн.

Апелляциялық саты сотталушының жазалау шарасын ҚР ҚК-нің 58 немесе 60-баптарын қолдана отырып, жазалаудың неғұрлым ауыр шарасы бойынша өзгерткен жағдайда осы үкім үкімді өзгерту болып есептеледі.

32. "Бірінші сатыдағы соттардың қаулыларына (адамдар бойынша) прокурордың шағымдарын және өтінішхаттарын қарау нәтижелері" 4-бөлімде есепке алу адамдар бойынша жүргізіледі;

33. Сот ісін жүргізудің тәртібінде және оны орындау шеңберінде шығарылған, бірінші сатыдағы соттардың күші жойылған, өзгертілген және өзгеріссіз қалдырылған қаулылары бойынша деректер алқа қараған қаулылардың жалпы санында ескерілмейді (1-баған).

34. 1, 3, 4-бөлімдердің жолдары 1-нысанды есептің 1-бөлімінің жолдарының мазмұнына сәйкес келеді.

35. "Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттардың қаулыларына прокурордың шағымдарын және өтінішхаттарын қарау нәтижелері" 5-бөлімде шағымдар және өтінішхаттар бойынша прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау жөніндегі бірінші сатыдағы соттардың қаулыларын қайта қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қаралмаған материалдардың қалдығы (14-баған) 1 және 2-бағандардың қосындысынан 3 және 4 бағандардың қосындысы алынып есептеледі.

3-жолда бір мезгілде прокурордың және қылмыстық қудалау органдарының әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдері дауланатын шағымдарды қарау туралы деректер көрсетіледі.

Сот әртүрлі органдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне (мысалы, тергеушінің (анықтаушының) заңсыз әрекеттері туралы дәлелдер расталған, ал прокурордың заңсыз әрекеттері расталмаған жағдайда) бір мезгілдегі шағымдар бойынша әртүрлі шешімдер қабылдаған жағдайда, мынадай шағымдар түсіндірме жазбалары қоса беріліп, қабылданған шешімдер бойынша тиісті жолдарда (4, 20 немесе 28) және бағандарда ескеріледі.

Осы жолда тек сот бір мезгілде дауланатын прокурордың да, қылмыстық қудалау органдарының да әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдерін бір мезгілде заңсыз немесе негізсіз деп таныған шағымдар ғана ескеріледі.

36. "Тергеу судьялары қабылдаған шешімдерге прокурордың шағымдарын және өтінішхаттарын қарау туралы" 6-бөлімде прокурордың тергеу судьялары қабылдаған шешімдерге шағымдары және прокурордың өтінішхаттарын қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

37. 24-баған 1, 2-бағандардың қосындысынан 6, 10, 11-бағандардың алынған сомасына тең.

38. "Сот актілерін орындау мәселелері жөніндегі қаулыларды қайта қарау нәтижелері бойынша мәліметтер" № 6 нысанды есептің 7-бөлімінде шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы, тұрғын колониясына ауыстыру туралы келіп түскен материалдар және басқа материалдар саны көрсетіледі.

8-тарау. "Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қарау жөніндегі апелляциялық сатыдағы соттардың жұмысы туралы есеп" № 6а нысанды есеп (адамдар бойынша)

39. "Өлім жазасына сотталған адамдарға қатысты істерді апелляциялық тәртіпте қарау туралы" 1 және "Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты істерді апелляциялық тәртіпте қарау туралы" 2-бөлімдерден тұрады.

1-бөлімнің 1-бағанында ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдайы бойынша істері қалдықта тұрған адамдар саны көрсетіледі.

40. 2-бөлім 1-бөлімге ұқсас құрастырылады.

9-тарау. "Қылмыстық істерді қарау жөніндегі кассациялық сатының жұмысы туралы есеп" № 6К нысанды есеп

41. "Өтінішхаттардың қозғалысы" 1-бөлімде есепке алу қылмыстық істер бойынша жүргізіледі.

42. 2-баған 4-7-бағандардың қосындысына тең.

43. "Кассациялық сатыда қарау үшін ісі бар өтінішхатты беру туралы қаулылары бар істердің қозғалысы" 3-бөлімі шағымдалатын сот актісін кассациялық тәртіпте қайта қарау туралы қаулылармен бірге істердің қозғалысын көрсетеді.

44. "Заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға наразылықтары бар істердің қозғалысы" 4-бөлім заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға қадағалау тәртібінде әкелінген наразылықтармен түскен істердің қозғалысы туралы мәліметтерден тұрады.

45. "Кассациялық сатыда қаралған, бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың үкімдеріне өтінішхаттар, наразылықтар мен ұсыныстардың қозғалысы туралы (адамдар бойынша)" 5-бөлімі өтінішхаттарды, наразылықтар мен ұсыныстарды кассация алқасы қараған, бірінші және апелляциялық саты соттарының істері жөніндегі кассациялық сатының қызметін көрсетеді, есеп адамдар бойынша жүргізіледі.

Бөлімді толтыру кезінде қылмыстардың (құқық бұзушылықтардың) жиынтығында адам неғұрлым қатаң жазалауды көздейтін қылмыстық заңның бабы бойынша, санкциялар тепе-теңдігінде – кеңірек тараған қылмыс (құқық бұзушылық) бойынша ескерілетіндігін назарда ұстаған жөн.

ҚР ҚК-нің 58 немесе 60-баптарын қолдана отырып, сотталғанның жазалау шарасын аса ауыр жазалау шарасы бойынша өзгерткен жағдайда осы үкім үкімді өзгерту ретінде ескеріледі.

46. Істі кассациялық тәртіпте қарау кезінде үкімнің күшін жоюға немесе өзгертуге ҚР ҚПК-нің 485-бабында көрсетілген жағдайлар негіз болып табылады.

47. "Кассациялық сатыда қаралған, бірінші және апелляциялық сатылардағы соттардың қаулыларына өтінішхаттар, наразылықтар мен ұсыныстардың қозғалысы (адамдар бойынша)" 6-бөлімі кассациялық сатының бірінші, апелляциялық сатылардағы соттарының қаулыларына өтінішхаттарды, ұсыныстарды және наразылықтарды қарауы туралы мәліметтерді бейнелейді.

5 және 6-бөлімдердің жолдары № 1 нысанды есептің 1-бөлімі жолдарының мазмұнына сәйкес.

48. "Заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынулары бар істердің қозғалысы" 7-бөлімде заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынулары бар істердің қозғалысы бойынша мәліметтер көрсетіледі.

"Заңды күшіне енген үкімдерге және қаулыларға облыстық соттар төрағаларының ұсыныстары бар істердің қозғалысы" 8-бөлімде ҚР ҚПК-нің 446-бабының 3-бөлігіне сәйкес кассациялық сатыға облыстық соттың төрағасы енгізген ұсынулар туралы мәліметтер көрсетіледі.

49. "Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау" 9-бөлімде жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау жөніндегі өтінішхаттарды қарау туралы мәліметтер көрсетіледі.

"Адамды ұстап беру туралы шешімдерге шағымдардың қозғалысы (экстрадициялау)" 10-бөлімде шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімге шағым жасау және оны қарау нәтижелері туралы мәліметтер көрсетіледі

10-тарау. "Өлім жазасына немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қарау жөніндегі кассациялық сатының жұмысы туралы есеп" № 6Ка нысанды есеп

50. "Өлім жазасына сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы" 1 және "Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты қылмыстық істерді кассациялық тәртіпте қарау туралы" 2-бөлімдерден тұрады.

1-бөлімнің 1-бағанында істері ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша қалдықта тұрған адамдар саны көрсетіледі.

51. 2-бөлім 1-бөлімге ұқсас құрастырылады.

11-тарау. "Соттардың жекеше айыптау істері бойынша шағымдарды қарауы туралы есеп" № 2-Ж нысанды есеп

52. Есептің көрсеткіштері қылмыстық қудалау ҚР ҚПК-нің 32-бабында көзделген жекеше айыптау тәртібінде іске асырылатын ҚР ҚК-нің баптарына сәйкес келеді.

53. Есептің 1-бағанында жаңа есептік жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қаралмай қалған шағымдар көрсетіледі.

Есептік кезеңнің соңына қаралмаған шағымдар 12-бағанда көрсетіледі. 12-баған 1 және 2-бағандардың сомасынан 6, 7, 8, 9, 10-бағандарды алынған санға тең.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ